Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 3 маусым № 4712-24-00-2/1851 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.О.Аташева сот ғимаратында, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының білім басқармасының Қарақия ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 1 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«DASAR» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226- баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы коюшы Маңғыстау облысының білім басқармасының Қарақия ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 1 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «DASAR» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«DASAR» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«DASAR» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 03.06.2024

Заңды күшінде болмаған: 11.07.2024 Судья Аташева А.О. 11.07.2024

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап кою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.О.Аташева

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О. 03.06.2024

Электрлік көшірме жасалды: 11.07.2024 Гулька Аташева А. О. 11.07.2024

3712-24-00-1/1590

ҰЙҒАРЫМ

Талап қоюды сот өндірісіне оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу қабылдау және сот ісін жүргізу тілін белгілеу туралы

2024 жылғы 13 мамыр Актау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.О.Аташева, талап қоюшы Маңғыстау облысының білім басқармасының Қарақия ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 1 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «DASAR» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз катысушысы деп тану туралы талап қоюын қарап,

АНЫҚТАҒАН Ы:

Талап қоюшы аталған талап коюмен сотқа жүгінген.

Талап кою Қазақстан Республикасы Азаматтық процесстік кодексінің (әрі қарай - АПК) 148,149 баптарына сай жасақталған.

АПК-нің 27-бабының 1-бөлігінің талабына сай мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар, тараптары заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтар, заңды тұлғалар болып табылатын мүліктік және мүліктік емес даулар жөніндегі, сондай-ақ корпоративтік даулар жөніндегі азаматтық істерді қарайды

Сотта тараптардың татуласуы үшін шаралар қабылданған, алайда тараптар кандайда бір келісімге келмеді.

Көрсетілген талаптарға сай талап кою Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының өндірісінде оңайлатылған тәртіпте карауға жатады.

Талап коюшының ұсынған құжаттары талап қоюды сот өндірісіне қабылдауға және азаматтық іс қозғауға жеткілікті.

АПК-нің 14-бабының 2-бөлігіне сәйкес сот ісін жүргізу тілі сотқа талап кою берілген тілге карай белгіленеді.

Талап коюшының талап коюы казак тілінде берілген, сондықтан іс өндірісі мемлекеттік тіл казак тілінде жүргізілуге жатады.

АПК-нің 14, 267-1 -267-3, 268-269-баптарын басшылыкка ала отырып, судья

ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Маңғыстау облысының білім басқармасының Қарақия ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 1 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «DASAR» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың

Құжатқа қол қойылған Аташева А. О., 15.05.2024

4712-24-3-1/1580

жосықсыз қатысушысы деп тану және өсемпұлды өндіру туралы талап қою сот өндірісіне қабылдансын және азаматтық іс қозғалсын.

Сот ісін жүргізу тілі ретінде мемлекеттік тіл қазақ тілі белгіленсін және сот ісі электрондық форматта жүргізілсін.

Азаматтық іс оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралсын.

Тараптар істі қарайтын сотқа өз қарсылықтары мен талабын дәлелдейтін дәлелдеме құжаттарын 15 жұмыс күні ішінде, яғни 2024 жылдың маусым айының 3 дейін жеткізуге мерзім белгіленсін.

Сот белгілеген мерзім өткеннен кейін сотқа келіп түскен пікір (қарсылық), дәлелдемелер және өзге де құжаттар, егер тарап оларды сот белгілеген мерзімде ұсынудың мүмкін еместігін негіздесе және олар сот шешім шығарғанға дейін түссе, қабылданады.

Судья А.О.Аташева

Құжаттың түпнұсқалығын тексеру үшін сайтқа кіріңіз: Аташева А. О., 16.05.2024

4712-24-3-ГПР590